

Ақтоғай ауданы бойынша 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 05/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 ақпанда № 3673 болып тіркелді. Қабылданған мерзімінің өтуіне байланысты өзінің қолданылуын тоқтатады

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтоғай ауданы бойынша 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары А. Сайдыға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н.И. Омарханов

Ақтоғай ауданы әкімдігінің

2016 жылғы 02 ақпандағы

№ 05/01 қаулысына қосымша

Ақтоғай ауданы бойынша 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымының түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны	Мектепке дейінгі ұйымдарындағы жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ата-аналардың бір айға ақы төлеу мөлшері (теңге)	Б і р тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) кем емес
		Мемлекеттік	Мемлекеттік	Мемлекеттік	Мемлекеттік
1	Балабақша	408	10404,0	8500	10404,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК